



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы қабылдады. Мемлекет басшысына қаржы нарығын дамытудың 2025 жылғы нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы баяндалды.

Банктер қанша адамның берешегін кешірді?

Мәдина Әбілқасимова былтыр банк секторының орнықтылығы қамтамасыз етілгенін, жыл сайынғы қадағалау-бағалау циклі аяқталғанын жеткізді. Банктердің активтері 11 пайызға өсіп, 68,3 триллион теңгеге дейін ұлғайған. Капиталдың жеткіліктілігі 20,7 пайызды құрады.

Бизнеске берілген несиелер 2025 жылдың қарашасындағы жағдай бойынша 17,9 пайызға артып, 14,8 триллион теңгеге жеткен. Кәсіпкерлер 17,5 триллион теңгеге жаңадан несие рәсімдеген. Банктер жалпы құны 2,3 триллион теңге болатын 8 синдикатталған жобаны бірлесіп қаржыландырған. Шағын және орта бизнесті несиелеу ісін қолдау үшін 2025 жылдың маусым айында «Даму» қорының жанынан Кепілдік қоры құрылды. Бүгінге дейін 505 миллиард теңге көлемінде несие кепілдіктері берілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа тұтынушылық кредиттер беру 2024 жылмен салыстырғанда екі есе төмендегені жөнінде ақпарат берілді. Тұтынушылық несиені шектеу үшін төлем мерзімі көшіктірілген жағдайда 5 жылдан астам уақыт ішінде қарыз беруге тыйым салынды. Сондай-ақ үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және тәуекелі жоғары қарыздарды беруге шектеу қойылды. Қарыз алушының кірісіне қарай борыш көлемінің жаңа коэффициенті бекітілді.

Халықтың шамадан тыс несие алуын азайту мақсатында банктер мен микроқаржы ұйымдары 703 мың азаматтың қарызын реттеп, ішінара кешірді. Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қолданысқа енгілі бері банктер 56 мың адамның 209,7 миллиард теңге берешегіне кешірім жасады. Ипотекалық тұрғын үй займдарын қайта қаржыландыру бағдарламасы аясында 1,2 мың қарыз алушыға қолдау көрсетілді.

Қаржылық алаяқтыққа қарсы күрес шеңберінде несие беру кезінде «кешім қабылдау кезеңі» заңнамаға енгізілді. Алғашқы қарызды рәсімдеуге азаматтың өзі келуі тиіс. Бұдан бөлек алаяқтық жағдайында несиеді сот шешімімен және соттан тыс тәртіппен есептен шығарудың негіздемелері кеңейтілді.

Агенттік өзінің қадағалау қызметі аясында банктерге 2025 жылы 49 рет инспекторлық және құжаттамалық тексеріс жүргізген. Сақтандыру нарығына қатысушыларды 47, бағалы қағаздар нарығын 54, ал микроқаржыландыру субъектілері мен коллекторлық агенттіктерді 260 мәрте тексерген. Нәтижесінде 628 қадағалау шарасы қолданылып, жалпы құны 641,3 миллион теңге айыппұл салынды. Микроқаржыландыру және коллекторлық агенттіктер нарығындағы 58 субъект лицензиясынан айырылды. Оның ішінде 23-і мәжбүрлі түрде тоқтатылды, ал 9 субъектінің лицензиясы алынды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторын несиелеуді ұлғайту және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Агроөнеркәсіп саласында ынтымақтастық кеңейуде

Сыр өңірінің агроөнеркәсіп саласына инвестиция тарту мақсатында облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов бастаған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері бар. Олар Бэйянь округінде Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші компанияларымен кездесулер өткізді. Атап айтқанда, ғылым докторы Лу Нанмен кездесуде сапалы тұқыммен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек «Jiarun Agriculture», «Gao's Hetian Rice Industry», «Baqi» сынды күріш және жүгері дақылдарын өндіретін ірі агроөнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасты. Сапар аясында Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркінде маңызды кездесу өтті. Онда агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, агротехнологияларды дамыту, ресурстарды интеграциялау және өндірістік парктенді бірлесіп салу мәселелері талқыланды. Қызылорда облысының әкімдігі, Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркі және Хэйлунцзян Хэжүэйз сауда компаниясы ара-сында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Дунфан қаласында делегация мүшелері «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында өткен халықаралық ауыл шаруашылығы конференциясына қатысты. Конференция Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік ынтымақтастықты тереңдетуге, инвестициялық мүмкіндіктерді таныстыруға және бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталды.

Онда аграрлық технологиялар мен өнім өңдеу саласындағы өзекті мәселелер көтерілді. Сондай-ақ Хайнань халықаралық экономикалық даму бюросы, Хайнань-Хэйлунцзян сауда-өнеркәсіп палатасы, Дунфан жүгері өнеркәсібі қауымдастығы және Баян үезінің ауыл шаруашылығын дамыту компаниясы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Аталған келісімдер Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік серіктестікті жаңа деңгейге көтеріп, Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартуға және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы тиімді жобаларға жол ашпақ.

«ЖЖ» ақпарат

Нәтиже

Жалағаш жолдары жаңарып келеді



Жалағаш ауданындағы автожолдарды жақсарту жұмыстары дұрыс жолға қойылғандай. Қазір ұзындығы 240 шақырымға жуық жол болса, оның басым бөлігінің аудандық маңызы бар. Аталған статустағы жолдың 94 пайызы жақсы күйде тұр. Оған себеп – Үкімет пен облыс әкімдігінің инфрақұрылымға деген қолдауы. Бүгінде ауданда 223 көше бар. Бұл – 243 шақырым болатын жол. Ал былтыр жол саласын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 2 млрд теңге бөлінген еді.

– Ұзындығы 2,3 шақырымдық аудандық маңыздағы «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көпіре» автожолын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралды. Қазір жол пайдалануға берілген. Сондай-ақ құны 403 млн теңгеден асатын Бұқарбай батыр ауылының 11 көшесінің құрылысын айтсақ болады. Оның жұмыстарына 2024 жылы республикалық бюджеттен 50 млн теңге қаралып, екі көшеге асфальт төселген болатын. Былтыр осы жобаны аяқтауға республикадан 294,3 млн, облыстан 38,2 млн теңге қаралып, құрылыс мерзімінде толық бітті, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ербол.

Бөлім басшысының сөзінше, аудан орталығындағы көшелердің сапасы да басты назарда тұр. Былтыр көт ішіндегі

11 көше жөндеуден өткен. Бұған қоса ауыл ішіндегі көшелерді жаңарту, қайта асфальт төсеу сияқты құрылыстар да тоқтамаған. Айталық, Мөрәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл, Ердүзелова көшелері қайта жаңарып, Қаракөткен және Далдабай ауылындағы 16 көшені күрделі жөндеуден өткізу өз мерзімінде аяқталған.

– Аудан орталығынан шетірек орналасқан Жаңадария елді мекенінің көшелері бірқатар жөндеуді. Дұрысы, осы ауылдағы Қ.Сәтбаев, Жаңадария, Достық, Мектеп көшелерін күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 105,4 млн теңге бөлінген болатын. Ал оның жалпы құны 375 млн теңгеден асады. Бөлінген қаржы көлеміне орай Достық, Мектеп көшелеріне асфальт төселді. Бізде осы жылға өтпелі жобаларымыз бар. Ауданға қарасты Аққыр елді мекенінің көшелерін жөндеу биыл жалғасады. Өткен жылы

осындағы Аққыр, Н.Таспенев көшелері асфальтталған болатын, – дейді бөлім басшысы.

Жол сапасын арттыру Жалағашта биыл да жалғаса береді. Айталық, Жаңадария мен Аққыр ауылындағы бірқатар көшені жөндеуге қаржысы бөлініп те қойды. Мұндай құрылыс Ақсу ауылында да жүрмек. Осы елді мекеннің үш көшесіне өткен жылы мемлекеттік сатып алу конкурсы жүріп, жеңімпаз мердігер мекеме анықталған. Биыл қаржысы бөлінсе, жоба толық жүзеге асырылады.

Салалық бөлімнің мәліметіне сүйенсек, қазір аудандағы жол саласы бойынша барлығы 3 млрд 416,7 млн теңге болатын 13 жобаға бюджеттік өтімні жолданыпты.

Жалағаштың инфрақұрылым мәселесіндегі ең маңыздысы – газдандыру жұмыстары. Бұл сала аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен

қарқын алып келеді. Осы кезге дейін аудан орталығынан бөлек, Ақсу, Мөрәлі Шәменов ауылдарына «көгілдір отын» барды. Қосымша әлеуметтік нысандарды да газдандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Ел ішіндегі көп ғимараттың жылу қазандықтары қайта жаңартылып, табиғи газға ауыстырылып жатыр.

– Құны 1 млрд 178,4 млн теңгелі құрайтын «Қаракөткен және Далдабай елді мекендеріне газ құбыры мен орамы-шілік газ тарату желілерінің құрылысы» жобасына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған еді. Оған «Сыр-энергогазстрой» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Былтыр жыл соңына қарай аталған елді мекендерді газдандыруға облыстық бюджеттен 1 млн теңге қаржы қаралып, алғашқы құрылыс жұмыстары басталды, – дейді Ғабит Ерболұлы.

Айта кетейік, осыған дейін аудандағы Бұқарбай батыр ауылына газ тартуға бюджеттік өтімді берілгені белгілі. Жоба құны – 1 млрд 330 млн теңге жуық. Сондай-ақ Мөрәлі Шәменов елді мекенінің мәдени орталығы ғимаратындағы жылу қазандығы табиғи газға ауыстырылмақ. Жоба-сметалық құжатты дайындалып, қазір мемлекеттік сатып алу жұмыстары басталған.

Е.ҚОЖАС

Бағдарлама игілігі

Әлеуметтік сала: 629 жаңа жұмыс орны ашылған

Жалағашта халықты әлеуметтік қолдау тұрғысынан істелген жұмыс көп. Айталық, бүгінде республикадағы азаматтарды жұмыспен қамту үшін 10 ұлттық жоба жұмыс істеп келеді. Ал былтыр Жалағашта осының аясында бірнеше жобаға 175 адамды жұмыспен қамту жоспары бекітілген. Қазір бұл артығымен орындалып, 184 адам тұрақты жұмысқа тұрыпты. Сондай-ақ Мемлекет басшысының бастамасы, яғни «10 мың халыққа 100 жұмыс орны» жобасымен ауданда 447 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Өткен жылы ауданда 629 жаңа жұмыс орны ашылып, көрсеткіш 140,7 пайызға орындалды.

Ауданда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөнінде 15 учаскелік комиссия жұмыс істейді. Былтыр мұндай көмек алатын отбасыларға 199 млн 876 мың теңге қаралып, былтыр жыл көлемінде 93 отбасыға 38 млн, 490 мың теңге қаржы төленген.

– Атаулы әлеуметтік көмекке 93 отбасы өтініш білдірді. Барлығы – 595 адам. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар саны – 397, бір мүгедектігі бар адам, 28 студент пен екі зейнеткер бар. Өткен жылы жергілікті органдардың шешімдерімен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (145 адамға) 28 млн 271,1 мың теңге әлеуметтік көмек төленді. Сонымен қатар мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сатысындағы азаматтарға, өрт салдарынан зардап шеккендерге, облыс әкімі грантының иегерлеріне бөлінген қаражат орындалды. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу



күніне орай 7 адамға, тұрғын үй көмегін көрсетуге 7 отбасының 10 мүшесіне, «Отан Даңқ» ордендерімен наградталғандарға әлеуметтік көмек уақытында аударылды. Бұдан басқа ауылда тұратын әрі сондағы әлеуметтік салада жұмыс істейтін мамандарға отын сатып алу үшін қаражат берілді, – дейді аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев.

Жалағашта 1018 мүгедектігі бар адам тіркелген, оның ішінде 18 жасқа дейінгі 247 бала мен жасөспірім бар. Былтыр 988 мүгедектігі бар адам міндетті гигиеналық құралдармен, 84-і кресло арбамен, 150-і санаторлы-курорттық жолдамамен, 131-і тифлотехникалық, 20-сы сурдо-техникалық және 284-і протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етіліпті. Бұған қосымша есту кемістігі бар 6 адамға ымдау тілінің маманы, жүріп-тұруы қиын I топтағы 113 адамға жеке көмекшілер қызмет көрсеткен.

– Облыстық мүгедектерді оңалту орталығына 42 адам жіберілді, оның ішінде 12 зейнеткер бар. Қазір 102 мүгедектігі бар адамға, оның ішінде 18 жасқа дейінгі 65 балаға үйден қызмет көрсетілуде. Мүгедектігі бар және зейнеткерлік жасқа жеткен, сондай-ақ денсаулығының жай-күйіне байланысты өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын, жүріп-тұруы қиын 91 жалғыз тұратын азаматқа 16 әлеуметтік қызметкер тағайындалған. Сондай-ақ мүгедектігі бар балаларға және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан 102 қызмет алушыға 22 әлеуметтік қызметкер көмектеседі, – дейді бөлім басшысы.

«Аманат» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасымен Жалағашта ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инфрақұрылымды жақсарту жолға қойылған. Қазір аудандағы 10 нысан бейімделіп, республикалық қолжетімділіктің интерактивті картасына енді.

Сондай-ақ Жалағашта жаза өтеу орындарынан босатылған және аудандық пробация қызметінде есепте тұрған 45 азамат бар.

– Жыл басынан бері «Мансап» орталығына «жұмыс іздеуші» ретінде 25 адам тіркеліп, 11-і тұрақты жұмысқа орналасты. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек беру мақсатында 15 АЕК көлемінде 10 адамның құжаты арнайы комиссияда қаралып, тиісті қаражат төленді. Былтыр пробация қызметіндегі 11 адамға 202 мың теңге көлемінде азық-түліктей көмек берілді. Сондай-ақ аудан бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 6 квота бөлінген болатын. Бекітілген квота толығымен орындалды. Аудандық пробация қызметінің есебіндегі адамдарды әлеуметтік қолдау жобасымен бірқатар іс-шара да өтті. Аталған шараларға барлығы 114 адам қатысты, – дейді Қ.Бөлембаев.

Айта кетейік, өткен жылы әлеуметтік әріптестік жөніндегі аудандық ұшжақты комиссия отырысы 9 рет өткізілген. Онда жалақылардың төленбегі, міндетті төлемдердің уақытылы жүргізілмеуі, еңбек қатынастарының жағдайы, кәсіпорындар мен ұйымдарда ұжымдық шарт, әлеуметтік аударымдарды уақытылы төлеу, өндірістік жарақаттанудың алдын алу сияқты мәселелер қамтылған. Бүгінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуде барлық мекеме, ұйым және кәсіпорын басшыларына тапсырма беріліп, мониторинг жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Әрі аталған мәселелер комиссияның тұрақты бақылауында қала бермек.

Ержан БЕКМЫРЗА

Еңбек адамы

Агроном Ханбибі

Егіс алқабы – оның еңбек жолы басталған орын. Жас агроном ретінде алғашқы қадамынан-ақ ол тұқым сапасына ерекше мән берді. Әр сортты сынақтан өткізу, жер жағдайына бейімдеу, өнімділікке талдау жасау – оның күнделікті жұмысына айналды. Даламен біте қайнасқан сол еңбек оны қалыптастырды. Тұқым түрлерін жаңарту ісіне араласқан кезеңдерде ол тек нәтиже емес, жауапкершілікті де қатар алып жүрді. Бүгінде сол жылдардың ізі оны ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы ардагері ретінде танытып отыр.

Қасиетті Арыстан бабтың табаны тиген, тарихы терең Отырар топырағында Ханбибі Асқарова дүние есіпін ашқан. Бұл мекен – шежіре сөйлейтін, тасына дейін тағдыр жазылған өңір. Сол тағдырдың бір жібі қыз баланың алақанына байланғандай, еңбек дәмін ерте татты. Мектеп табалдырығын аттап шыға салысымен, шаруа адамының қызы бір жылдай өкесінің жанында қалды. Таңғы шық кеппей, тіршілік тізгінін ұстады. «Еңбек кітапшамдағы алғашқы жазу – көмекші шопан» деп еске алатыны да сондықтан. Сөзі нық, дауысы салмақты. Ал көзіндегі от – қайсар мінездің белгісі. Ол от бүгін де бар.

1973 жыл Алматы. Жастықтың жалыны мен арманның алдаспаны шарпысқан шаһардағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға келді. Агрономияның қыр-сырын меңгеріп жүріп, өмірлік жолдасымен де осы жылдары танысады. Келер жылы-ақ жас маман дипломын, дипломын ғана емес-ау, бесжылдық жинаған маңдай терін арқалап, ауданға оралды. Есеп пен жауапкершілік тоғысқан ауыл шаруашылығы мекемесінде кадр жөніндегі инспектор болып тағайындалды. Сол тұста бауырына басқан сөіз айлық сабиді бар. Бүгінгі өлшеммен айтсақ, балабақша мен күтшіл іздейтін көз. Ал ол жылдары кең көңілді өне немересін бауырына алып, оған тірліктің жолын ашып берді. Бірі ұрпақты, бірі саланы өсірді. Содан бері талай уақыт сығылып өтті. Қағаздағы әр қолтаңба, даладан жеткен әр есеп тәжірибені шыңдады, мінезді бекітті. 2019 жылға дейін ауыл шаруашылығы сала-сында тынымсыз еңбек етіп, ел өміріне пайдасын тигізгеніне қырық жылға жуық уақыт өтті. Бір саланың жадында қалған адал қызмет, еңбектің үнсіз ерлік деген – осы.



1988 жыл. Ел өңсесін тіктеп, жекеше-лендіру желі ескен шақ. Қай салада да нарықтың талабы қатайды, білімдіге сұраныс артты. Шаруа қожалықтар жай ғана жұмыс қолын емес, істің тілін білетін маманды іздеді. «Сәрке батыр» шаруа қожалығында жүрген жылдары ол күріштің мінезін ұқты. Топыраққа қарап тұқым таңдады, судың жүрісін аңдыды. 1987 жылы Құрманбек Бекірулы өндіріске алып келген әйгілі «Маржан» сұрпы сол кезеңде далаға да, диқандарға да демей болды. Отыз жылдай елдің ырысын арқалаған бұл сұрпытың да бір күні тәзімділігі әлсірей бастады. Табиғатта да, тіршілікте де бәрі жаңаруды қалайды. Содан 2009 жылы облыстық делегация құрамында Ресейге жолы түсті. Бұл сапар жай іс-сапар емес, жаңа тыныстың іздеуі еді. Тәжірибе алмасқан алқаптан ол болашақтың дәнін көрді. Сол жылы Отанға «Янтарь», «Лидер», «Новотыр» секілді жаңа сұрпыларды ала келді. Ескі сұрпыуден шығып, жаңалыққа бет бұрған еңбек осылайша елге қайтқан. Жылына бес-алты күріш сұрпын дүниеге алып келетін мұндағы ғылыми зерттеу институтының басымдылықтарын, маңызды тұсына келгенде көздерін сәл қысыңқырап, байыппен сараптан отыр.

Мемлекеттік қызметтің миңберінде тұрған жылдарын ерекше өкпінмен еске алды. Өйкені 2010 жылдары Үкімет тарапынан көрсетілген қолдау далаға дем берді. Қу-

ріштің әр гектарына 25 мың теңгеден субсидия беріліп, тыңайтқыштарға дейін қамтамасыз етілген. Сол жылдары аймақтың жеті ауданының ішінде өнім жағынан алдыңғы саптан көрінген. Ал 2018 жылы сөіз жылдық ауыспалы егін жүйесінің технологиялық картасын жасауға қатысуы – оның кәсіби жолындағы тағы бір маңызды қадам.

Еңбек ешқашан жерде қалмайды. Ауданның 80 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында «Ауданның құрметті азаматы» мәртебесі жылдар бойғы жиналған еңбектің заңды қорытындысындай берілді. Былтыр «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен де марапатталды. Шоқтығы биік алғыс-тардың қатарында Президенттің Алғыс хаты, ізін суытпай табысталған «Құриет» грамотасы, I дәрежелі «Еңбек Даңқы» белгісі көзге оттай басылды.

Кейіпкерімізбен тілдесіп отырғанда сағат та жуықтады, бірақ өңіме бір сәтке де үзілген жоқ. Бір деммен, бір ырғақпен өрбip жатыр. Қазір бұл салаға келушілер сирек болғанмен, ес білгені ер азаматтың тірлігі саналған істен именбей, білек сыбанып кіріскен Ханбибі Асқарова – өз жолын өз қалауымен таңдаған жан. Аткарылған жұмыстардың легіне көз салсаң, нағыз өз ісінің маманын тану қиын емес. Ішімнен «Мұндай агроном бір ғасырда бір туар» деп қоямын.

Гүлжан ЕСЖАН

Кеңес

Қылмыссыз өңір — кемел келешек кепілі

«Руханият» орталығында «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасы аясында кездесу өтті. Шараға ауыл әкімдері, аудан кәсіпкерлері мен тұрғындар қатысып, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзекті мәселелер талқыланды.



Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағанбетов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және аудандық «Иманқұл» мешітінің бас имамы Нұрдіәулет Жалғасбекұлы сөз сөйлеп, «Заң мен тәртіп» қағидасының маңыздылығы және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында пікір білдірді.

– Біздің тарапымыздан қолға алынған кез келген шара аудандағы қылмыстар санын азайтуға және оның алдын алуға бағытталған. «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасының да түпкі мақсаты осы. Аталған жоба аясында аудандағы бірнеше ауыл тұрғындары алкоголь өнімдерін сатуға қарсылығын білдіріп, арақ сататын кәсіпкерлерді лицензиясын қайтаруға мәжбүрледі. Қазіргі таңда бірқатар ауылдық округте мұндай өнімдер сатылмайды. Тағы да 3 ауылдық округ тұрғындары арасында әкімдікпен сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті халықтың 95 пайыздан астамы алкоголь өнімдерін сатуға қарсылығын білдірді. Жуырда тағы үш ауылды «алкогольсыз ауыл» деп жариялауға қол жеткіземіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құруы керектігін ерекше атап өтті. Президентіміз айтқандай, бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Осы талапты жүзеге асыру арқылы әділетті, таза және қауіпсіз Қазақстанды құруға жол ашамыз. Осы стратегиялық ортақ мақсатқа жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүріне және тұрақты дамуына қойлатын сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет. Жалпы заң мен тәртіп – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының, бір сөзбен айтқанда, әділеттілік негізі. Сондықтан алдағы уақытта да қоғамда заң мен тәртіптің үстемдік етуін қамтамасыз етіп, ауданда қылмысты болдырмауға, олардың өсім алуына жол бермеуге жұмыс жасаймыз, – деді аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов.

Ауылдық округтерде жүзеге асырылып жатқан «Алкогольсіз ауыл» бастамасының тиімділігі, «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасының маңызы жоғары. Қатысушылар бұл жобаның қоғам қауіпсіздігін арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және өскелең ұрпақтың болашағын қорғауға бағытталған маңызды бастама екенін атап өтті.

Жобаның басты бағыты жалпы қылмыстылықпен күресу болса, оның ішінде қылмыстың басты себептері болып табылатын маскүнемдік (нашақорлық), жұмыссыздық, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шараларға ерекше басымдық берілген.

Мерей

Аналар алқа тақты

Қазақстан Республикасы Президентінің №1119 Жарлығына сәйкес бірқатар көпбалалы аналар «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградалары табысталды. Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов марапат иелерін құттықтап, ана рөлінің қоғамдағы маңызын атап өтті.



– Көпбалалы аналар – қоғамның берік тірегі, ұлттық тәрбие мен ұрпақ жалғастығының негізі. Бала тәрбиесін өмірлік мұратқа айналдырған аналардың еңбегі – ұлттың рухани байлығын арттыратын өлшеусіз құндылық. Бүгінгі марапат – аналар еңбегінің бағалануы ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелеудегі алғысөз деген ел алғысы, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Марапатталған аналар қатарында Мырзабай ахун ауылдық округінің тұрғыны Гүлназ Исенбекова, Мақпалкөл ауылдық округінің тұрғыны Майра Оразбаева «Алтын алқа» иегері атанды. Сондай-ақ Жалағаш көнтінен Ұлболсын Нұрпейісова, Мақпалкөл ауылдық округінің тұрғыны Жанар Сыздықова мен Жанаталап ауылдық округінің тұрғыны Дана Дүбірбаева және Мерәлі Шәменов ауылдық округінің тұрғыны Салтанат Жүндібаева мен Салтанат Жүнісова «Күміс алқамен» марапатталды.

– Расында ана отбасы тәрбиесінде де, қоғамда да маңызды рөл атқарады. Бүгін ерекше құрмет көрсетіліп, алтыннан алқа тақтық. Біздің басты мақсатымыз – отбасындағы ынтымақты сақтап, бала тәрбиесіне басымдық беріп, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру. Өзіммен бірге алқа тағып, марапат биігінен көрінген барша ананы құттықтаймын. Барлық құрметке ризашылығымды білдіремін, – деді батыр ана Гүлназ Исенбекова.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Газеттің келесі саны 21 қаңтар, сәрсенбі күні шығады

Бөрекелді!

Ауданда ажырасу тіркелмеген

Өткен жылдың алғашқы жартысында Қазақстан картасында 51 370 шаңырақтың шамы жағылды. Алматы, Түркістан, Астана – өмірдің қарқыны қатты, тіршіліктің тамыры бүлкілдеген қалалар. Сол қалаларда «екеуміз» деп басталатын тағдырлар көптеп тоғысты. Ал ауданның жылнамасына үңілсек, былтыр 111 неке тіркелді. Ең үлкен жаңалық – ажырасудың аты да, заты да жоқ. Бұл – есептің құрғақ жолы емес, берекенің белгісі. «Ырыс алды – ынтымақ» деген тәмсілдің тірі көрінісі дерсің. Мұнда шаңырақ көтеру – салтанат қана емес, сыйластықтың жеңісі.



Отбасы – адамды адам етіп тәрбиелейтін алғашқы мектеп. Бұл мектепте қоныра соғылмайды, бірақ әр таң – сабақ. Ұстаз – ана, тәртіп – өкенің қабағы, оқулық – күнделікті тіршілік. Осы шағын ғана шаңырақтың ішінде ұлттың мінезі қалыптасады, елдің ертеңі қорытылады. Сыр бойына келгенде, өңгіменің әуені салмақты. Қызылорда облысы – дария мінезді, дәстүрге берік өлке.

Бұған дейін еліміз бойынша 2024 жылы 123 651 неке және 40 647 ажырасу тіркелген. Өткен жылдың жарты жылдығында Қазақстан бойынша 21 531 ажырасу орын алды. Облыс бойынша 2025 жылдың статистикасына сүйенсек, 3 792 шаңырақ көтерілсе, 338 ажырасу болған. Оның себептері де белгілі. Бірі тұрмыстық қиындық, мінездің келіспеуі, экономикалық тәуелділік, кейде жауапкершіліктің жетіспеуі. Сан сөйлейді, себеп ойландырады. Бірақ Сыр өңірінде бұл түйткүлдер көбіне диалогпен, сабырмен шешіледі.

Бүгінгі таңда қоғамда неке мен отбасы туралы пікірлер әркімлі. Бірі отбасылық дәстүрді сақтауды арқа тұтса, енді бірі

жеке бостандықты бірінші орынға қояды. Психологтардың пайымдауынша, ажырасу ірі даудан емес, бір-біріне көңіл бөлмеуден, күнделікті диалогтың үзілуінен басталады. Ұзақ жылдар бойы бірге тұрған жұптардың көпшілігі ортақ тіл табысу үшін өңгімелесуді ұмытпаған. Тіпті айтылған «қалайсың?» деген қарапайым сұрақ та қарым-қатынастың мейірімді көпірін кеңейтетін көрінеді.

Алтын тойын айрықша салтанатпен қарсы алған аудан тұрғыны Забира Қалжекенова «Тұрмыс – теңіз, кейде толқың, кейде тынық» дегендей, суығын да, жылысын да көріп өтті. Көрді де шыңдалды. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген оның ғұмырына ұран емес, ұстаным болып сіңген. Жолдасы Темірханмен тағдырын тоғыстырып, тіршіліктің таразысын тең ұстап келе жатқаны – соның айғағы. Келіндеріне де жұмсақ, Жас отаулардың еңесін баспай, иығына жүк артпай, немеренің бар еркелігін көтеруден қашпаған. Бүгінгі қоғамда сирек ұшырасатын осы көндік шаңырақтың уығын бекітіп тұр. Таң атқаннан төрт түліктің жайын қарап, жер-

ге дән сеуіп, тырбаң тіршіліктің бойында уақыт зырында. «Балалар да көргенін істейді ғой» дейді қыммып. Иә, көргені – еңбек, көргені – тәртіп, көргені – мейір. Қазір ұлдары мен келіндері электр жүйесінде еңбек етіп, бір әулеттің кесібі арнасын жалғап келеді. Әулеттік династияның тамыры терең, діңі мықты. Осыған қарап отбасы беріктігі асқақ ұраннан да, күрделі қағидадан да емес, күнделікті қарапайым әдеттен басталатынына көзің жетеді.

Тарихи деректер мен ауыз әдебиетінде ананың рөлі ашық өмір жүргізумен емес, ішкі ықпалмен көрінген. Қазақ әйеліне сырттай билік берілмегенімен, ол шешуші сөзді көбіне астарлап айтқан.

Ел тарихында өнелер мектебі деген ұғым бар. Келін жаңа түскенде оны бірден жазыру емес, біртіндеп үйретуге басымдық беріледі. Сол себепті келі көлді, ел көлді» деген сөз айтылған. Аналар институтының да өзіндік қызметі толып жатыр. Ұлтымызда ажырасу тек ер мен әйелдің шаруасы емес, әулетке түскен салмақ деп ең алдымен іске араласатын да ана болған. Эпостар мен

жырларда да ана бейнесі – тек мейірім емес, ақылдың, тұрақтылықтың символы. Домалақ ана, Зере, Ұлжан сынды тарихи-әдеби тұлғалар ерлердің мінезін жұмсартып, әулеттің бағытын іштен түзген.

Әлемнің ырғағы күн сайын үдей түскен сайын, адам баласы өз ішіндегі тепе-теңдікті жоғалтып алмаудың жолын іздейді. Біздің ұғымда шаңырақ – сабырдың мектебі. Бүгін әлем осы ақиқатқа қайта бұрылып отыр. Себебі қазақ «үй болу» дегенді «өңші алу» деп қана түсінбеген. «Үйдің құты – әйел, түздің құты – ер» дейді. Сол құт қашпаған жерде кереге сөгіле қоймайды. Бірде бұл отбасының ойраны шықпаған бір жыл – қоғам үшін үнсіз жасалған еңбек. Бұл – сабырдың салмағы, сыйластықтың жеңісі. Аудан тіршілігіне қарасаң шағын жана мекеннің өзінде үлкен ұстаным бар. Отбасы – өткішті келісім емес, өмір бойы аманат. Сол аманатқа қиянат жасалмаған жыл – ең қымбат көрсеткіш.

Гүлжан ЕСЖАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сөйсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75